з. Шуқ

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Мамыр айы 2026 жыл 2 апта**

**Білім беру ұйымы: «Үміт» бөбекжай- балабақшасы**
**Топ: «Балдырған» қазақ мектепалды тобы**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 12.05. - 15.05.2026 жыл**
**Құндылық – «Мамыр – бірлік және ынтымақ айы» Дәйек сөзі: «Бірлік бар жерде-шаттық бар.» 2 апта**
**Тәрбиеші: Сарсенова А А**
**Тексерілді: -----------**

| **Күн тәртібі** | | **Сейсенбі 12.05.2026 ж** | **Сәрсенбі 13.05.2026 ж** | **Бейсенбі 14.05.2026 ж** | **Жұма 15.05.2026 ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **беру** | **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | | «Қауіпсіз жол» (рөлдік ойын)<br>**Рөлдер:** жаяу жүргінші (балалар), жүргізуші, жол полициясы<br>Балаларға көшеден дұрыс өту жағдайы көрсетіледі.<br>– Бір бала – жүргізуші (көлік жүргізеді)<br>– Бір бала – жол полициясы (ережені бақылайды)<br>– Қалғандары | «Сиқырлы дорба»<br>**Шарты:** Дорбаға әртүрлі ойыншықтар салынады. Бала көзін жұмып, бір затты ұстап көру арқылы табады және атайды. | Танымдық әрекет – «Не өзгерді?»<br>**Шарты:** Үстелге 4–5 зат қойылады. Бала қарап алады, кейін көзін жұмады. Бір зат алынып тасталады. Бала қай зат жоғалғанын табады. | Коммуникативтік әрекет – «Сұрақ-жауап»<br>**Шарты:** Балалар кезекпен бір-біріне сұрақ қояды (аты, жасы, сүйікті заты). Толық жауап беруі керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | – жаяу жүргіншілер бала ережені бұзса, жол полициясы тоқтатып, дұрыс әрекетті түсіндіреді. | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | **Дене шынықтыру** (жетекші жоспарымен)<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Батыр туралы әңгіме»**<br>**Міндеті:** Бала ларды батыр бейнесін өздігінен құрастыруға, сюжетті дамытуға үйрету<br>**Көркем әдебиет дағдылары:** О | **Музыка** (жетекші жоспарымен)<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Реттік санау»**<br>**Міндеті:** Реттік санауды үйрету, зейінін, есте сақтауын дамыту, логикалық ойлауын жетілдіру<br>**Математикалық дағдылар:** Бірінші, екінші, үшінші ұғымдары<br>**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, сұрақ-жауап, жаттықтыру | **Дене шынықтыру** (жетекші жоспарымен)<br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы: «Тақпақ айтамыз»**<br>Өлең, тақпақ жаттау арқылы балалардың сөздік қорын байыту. Сөйлеу мәнерін, дауыс ырғағын және дұрыс айту дағдыларын дамыту. Көркем сөзге қызығушылығын арттыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Ұ, ү, і дыбыстарын дұрыс және анық | **Дене шынықтыру** (жетекші жоспарымен)<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Ұзын – қысқа»**<br>**Міндеті:** Заттарды салыстыру арқылы талдау жасауға, себеп-салдарлық байланыс орнатуға үйрету<br>**Математикалық дағдылар:** Ұзын, қысқа ұғымдары<br>**Әдіс-тәсілдер:** Салысты ру, бақылау, талдау<br>**Технологиялар:** Д амыта оқыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қиғаны жүйелі баяндау, кейіпкер образын ашу<br>**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелеу, сұрақ-жауап, бағыттау<br>**Технологиялар:** Дамыта оқыту, шығармашылық әдіс<br>**Тапсырмалар:** Өз бетінше батыр туралы әңгіме құрастыру. Кейіпкердің әрекетін сипаттау<br>**Ойын:** «Батырды бейнеле»<br>**Ойын шарты:** Балалар батырдың | **Технологиялар:** Дамыта оқыту, ойын технологиясы<br>**Тапсырмалар:** Заттарды ретімен орналастыру. Реттік орнын анықтау<br>**Ойын:** «Орнынды тап»<br>**Ойын шарты:** Балалар қатарға тұрып, өздерінің реттік орындарын анықтайды<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** **«Пішіндерді бояймыз»**<br>**Міндеті:** Геометриялық фигураларды дұрыс бастыру | айтуға жаттықтыру. Дыбыстарды сөз ішінде дұрыс қолданып, мәнерлеп айтуға үйрету. Өлең оқу кезінде тыныс алуды дұрыс сақтауға дағдыландыру.<br>**Сөздік қор**<br>Отан туралы тақпақтарды жаттау арқылы жаңа сөздермен таныстыру. Отан, туған жер, ел туралы түсініктерін кеңейту. Сөздерді орынды қолдануға үйрету.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Лепті сөйлемдерді дұрыс құрастыруға үйрету. Өлең мазмұнына сәйкес сезімді жеткізе отырып сөйлем айту | **Тапсырмалар:** Әртүрлі заттардың ұзындығын салыстыру. Қорытынды жасау<br>**Ойын:** «Қайсысы ұзын?»<br>**Ойын шарты:** Балалар екі затты салыстырып, қайсысы ұзын екенін айтады<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** **«Сұрақ-жауап арқылы сөйлейміз»**<br>Балаларды сұрақ қоюға және толық жауап беруге үйрету. Диалог арқылы еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қимылын көрсетіп, оның қандай екенін сөзбен сипаттайды<br><br>**Сауат ашу Тақырыбы: «Жолда жазамыз»**<br>**Міндеті:** Жазу жолы мен жоларалық кеңістікті сақтап жазуға үйрету<br>**Сауат ашу дағдылары:** Кеңістікті бағдарлау<br>**Әдіс-тәсілдер:** Жаттығу, көрсету<br>**Технологиялар:** Дамыта оқыту | және бояу дағдыларын жетілдіру<br>**Сауат ашу дағдылары:** Дәлдік, қол икемділігі<br>**Әдіс-тәсілдер:** Практикалық жұмыс<br>**Технологиялар:** Ойын технологиясы<br>**Тапсырмалар:** Дөңгелек, шаршы, үшбұрышты бояу<br>**Ойын:** «Пішінді ата»<br>**Ойын шарты:** Балалар пішінді атап, соған сәйкес бояйды<br><br>**Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы: «Мен Отанды қорғаймын»**<br>**Міндеті:** Патриоттық сезімді | дағдыларын қалыптастыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Өлең мазмұнын әңгімелеп беруге үйрету. Тақпақтың негізгі ойын түсініп, өз сөзімен жеткізуге дағдыландыру.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Жаттау, әңгімелеу, үлгі көрсету, қайталау әдістерін қолдану. Балалардың белсенді қатысуына жағдай жасау.<br>**Тапсырмалар**<br>Тақпақты жатқа және мәнерлеп айту. Өлеңдегі сөздердің мағынасын түсіндіру. Қарапайым сұрақтарға жауап беру.<br>**Ойын: «Кім мәнерлеп айтады?»** | қалыптастыру. Өз ойын жүйелі әрі түсінікті жеткізуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Ң, һ дыбыстарын дұрыс және анық айтуға жаттықтыру. Бұл дыбыстарды сөз ішінде дұрыс қолдануға үйрету. Сөйлеу барысында анық, түсінікті айтуға дағдыландыру.<br>**Сөздік қор**<br>Батырлық, ерлікке байланысты сөздермен таныстыру. Жаңа сөздердің мағынасын түсініп, сөйлеу барысында қолдануға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тапсырмалар:** Әріп элементтерін (сызық, доға) жазу<br>**Ойын:** «Әдемі жаз»<br>**Ойын шарты:** Балалар берілген үлгі бойынша жолдан шықпай жазады<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Ойын алаңы»**<br>**Міндеті:** Балалардың ойын әрекетін бейнелеу | қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Сұраулы және хабарлы сөйлемдерді дұрыс айту<br>**Сөздік қор:** Отан, қорғау, әскер, батыл, күшті<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сұраулы сөйлемдер қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Қысқа мәтін құрастыру<br>**Әдіс-тәсілдер:** Диалог, түсіндіру, пікір айту<br>**Технологиялар:** Дамыта оқыту, коммуникативтік | Балалар кезекпен тақпақты мәнерлеп айтады. Дауыс ырғағын, екпінді дұрыс қойып айтуға тырысады. Ең мәнерлі айтқан бала анықталады. Ойын арқылы балалардың сөйлеу мәнері дамиды.<br><br>**Көркем әдебиет «Мен – батырмын»**<br>**Міндеті:** Балаларды өз бейнесін кейіпкер ретінде сомдауға, шығармашылықпен жеткізуге үйрету<br>**Көркем әдебиет дағдылары:** Бірінші жақта әңгімелеу, қиялдау<br>**Әдіс-тәсілдер:** Рөлдік ойын, әңгімелеу<br>**Технологиялар:** Ойын технологиясы, | **Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сұраулы және хабарлы сөйлемдерді дұрыс қолдануға үйрету. Сұрақ қою және жауап беру кезінде сөйлем құрылымын сақтауға дағдыландыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Көргенін сипаттап, оқиға құрастырып айтуға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдер**<br>Диалог, сұрақ-жауап, әңгімелеу, үлгі көрсету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | арқылы шығармашылық ойлауын дамыту, бірнеше материалды біріктіріп қолдануға үйрету<br>**Әдіс-тәсілдер:** Бақылау, талдау, практикалық жұмыс<br>**Технологиялар:** Дамыта оқыту, ойын технологиясы<br>**Тапсырмалар:** Ойын алаңының сұлбасын салу. Балалар бейнесін мүсіндеу. Ойын құралдарын | әдіс<br>**Тапсырмалар:** «Мен қандаймын?» тақырыбында сөйлеу. Сұрақтарға жауап беру<br>**Ойын:** «Сұрақ қой – жауап бер»<br>**Ойын шарты:** Балалар бір-біріне сұрақ қойып, толық жауап береді | тұлғалық бағытталған оқыту<br>**Тапсырмалар:** «Мен батыр болсам...» тақырыбында әңгіме құрастыру<br>**Ойын:** «Рөлге ен»<br>**Ойын шарты:** Балалар өздерін батыр ретінде таныстырып, әрекеттерін айтып береді<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Кеңістікті бағдарлау»**<br>**Міндеті:** Кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту, зерттеу әрекеттерін қалыптастыру<br>**Математикалық дағдылар:** Оң, сол, жоғары, төмен | әдістерін қолдану. Балалардың белсенді қатысуына жағдай жасау.<br>**Тапсырмалар** Суретке қарап әңгіме құрастыру. Қарапайым және нақты сұрақтар қою. Сұрақтарға толық әрі түсінікті жауап беру.<br>**Ойын: «Сұрақ қой»** Балалар жұпқа бөлініп, бір-біріне сұрақ қояды. Екінші бала сол сұраққа толық жауап береді. Кейін рөлдері ауысады. Ойын арқылы балалардың сұрақ қою, тыңдау және жауап беру дағдылары дамиды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қағаздан қиып жапсыру. Құрастыру арқылы толықтыру<br>**Ойын:** «Қалай ойнаймыз?»<br>**Ойын шарты:** Балалар өз жұмыстарын көрсетіп, онда не болып жатқанын айтып береді | | **Әдіс-тәсілдер:** Қимыл арқылы үйрету, түсіндіру<br>**Технологиялар:** Ойын технологиясы<br>**Тапсырмалар:** Заттардың орналасуын анықтау, бағыттарды көрсету<br>**Ойын:** «Қайда орналасқан?»<br>**Ойын шарты:** Балалар заттың орнын сөзбен сипаттайды | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>**«Ережелер не үшін керек?»**<br>**Міндеті:** Ережелердің маңызын түсіндіру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға үйрету<br>**Әдіс-тәсілдер:** Талдау, пікір айту, әңгімелеу<br>**Технологиялар:** Сын тұрғысынан ойлау<br>**Тапсырмалар:** Ереже сақталмаса не болатынын талқылау. Қорытынды жасау<br>**Ойын:** «Не болады?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Ойын шарты:** Балалар ереже бұзылған жағдайда қандай жағдай болатынын айтып береді |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Мамыр айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Адал азамат» біртұтас тәрбие» бағдарламасы** | **«Жеке қауіпсіздік»**<br><br>**«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Адал азамат» біртұтас тәрбие» бағдарламасы** | **Вариативтік компонент «Білімділер патшалығы» Тапқыр болсаң, тауып көр.** Пішіндер жайлы білімдерін бекіте отырып суреттерден жасырынған бейнелерді таба білуге бағыт беру. **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Адал азамат» біртұтас тәрбие» бағдарламасы** Картотека | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» «Адал азамат» біртұтас тәрбие» бағдарламасы** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Айшаға ойыншық беріп: «Бұл қандай?» деп сипаттатқызу (үлкен, әдемі, жұмсақ). | Айнамкөзге сюжетті сурет бойынша 3–4 сөйлемнен әңгіме құрату. | Ақниетке ертегі кейіпкерін таңдатып, сол кейіпкерді дауыс ырғағымен сомдату. | Сезімге «Бала» сөзін буынға бөліп, дыбыстарын атату (б-а-л-а). Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату. |
| | | | | | |

| | |
|---|---|
| **Кешкі ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.<br>Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | | «Қояндар мен қасқыр»<br>**Шарты:** Балалар алаңда еркін қозғалып жүреді – олар «қояндар». Бір бала «қасқыр» болады. Тәрбиеші «Қасқыр келді!» дегенде қояндар белгіленген орынға (үйшікке) жүгіріп баруы | «Жалаушаны әкел»<br>**Шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді. Алаңның екінші шетінде жалаушалар қойылады. Белгі бойынша әр топтан бір-бір бала жүгіріп барып, жалаушаны алып қайтады да, келесі ойыншыға береді. Қай топ барлық қатысушыларымен тапсырманы бірінші орындаса – сол топ жеңімпаз. | «Орныңды тап»<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойымен жүріп немесе жеңіл жүгіріп қозғалады. Тәрбиеші «Орныңды тап!» дегенде әр бала өз белгіленген орнына тез барып тұруы керек. Кешіккен бала ойыннан уақытша шығады немесе айып тапсырма орындайды. | «Допты дәл лақтыр»<br>**Шарты:** Балалар белгілі бір қашықтықтан шелекке, шеңберге немесе белгіленген нысанаға доп лақтырады. Әр балаға 2–3 мүмкіндік беріледі. Кім көп дәл тигізсе – сол жеңімпаз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | керек. Қасқыр қашып үлгермеген қояндарды ұстап алады. Ұсталған бала келесі айналымда қасқыр болады. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |